

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдарды арнайы көлік құралдарымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 317 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 қазанда № 12138 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 135 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 27.04.2023 № 135 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 28.11.2017 № 409 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 69-бабы 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдарды:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес арнайы автокөлік құралдарымен;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес арнайы су көлік құралдарымен қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 28.11.2017 № 409 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
- 2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б.Сұлтанов

2015 жылғы 8 қыркүйек

В. Школьник

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2015 жылғы 27 сәуірдегі

№ 317 бұйрығына

1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдарды арнайы автокөлік құралдарымен қамтамасыз етудің заттай нормалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 28.11.2017 № 409 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | | |
|-----------------------------------|--|---|---------------------------------|
| Арнайы автокөлік құралының атауы* | Арнайы автокөлік құралының функционалдық мақсаты | Арнайы автокөлік құралының пайдалануға құқығы бар мемлекеттік мекемелер | Арнайы автокөлік құралының саны |
| | | Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және | |

| | | | |
|---|--|--|---|
| Арнайы автокөлік құралы | Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін | бақылау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдар | |
| | | Алматы қаласы бойынша Экология департаменті | 3 |
| | | Алматы облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Атырау облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Батыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Павлодар облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Шығыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Жамбыл облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Қарағанды облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Ақтөбе облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Қостанай облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| | | Астана қаласы бойынша Экология департаменті | 3 |
| | | Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті | 4 |
| Ақмола облысы бойынша Экология департаменті | 4 | | |

Ескертпе: * арнайы автокөлік құралы - жеңіл автомобиль базасындағы қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы бақылауды жүзеге асыру үшін арналған көлік құралы.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 27 сәуірдегі
№ 317 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдарды арнайы су көлік құралдарымен қамтамасыз етудің заттай нормалары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 28.11.2017 № 409 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Арнайы су көлік құралының атауы* | Арнайы су көлік құралының функционалдық мақсаты | Арнайы су көлік құралының пайдалануға құқығы бар республикалық мемлекеттік мекемелер | Арнайы су көлігінің саны | |
|----------------------------------|---|---|--------------------------|------|
| | | | Теңіз | Өзен |
| Арнайы су көлік құралы | Каспий теңізі бассейнінде, Ертіс өзенінде және трансшекаралық өзендерде қоршаған ортаны қорғау саласында арнайы су көлігінде бақылауды жүзеге асыру (судың, түп шөгінділерінің және атмосфералық ауаның ластануын талдамалық бақылау) | Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің қарамағындағы аумақтық органдар | | |
| | | Атырау облысы бойынша Экология департаменті | 1 | 1 |
| | | Шығыс Қазақстан облысы бойынша Экология департаменті | | 1 |

Ескертпе: * арнайы су көлік құралы - ішкі су жолдарда және өзге су қоймаларда бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын кеме.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК